

МРНТИ 14.15

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.19>

Оразбаева Ф.Ш.¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

ҒАЛЫМ МҰРАСЫ – РУХАНИ ҚАЗЫНА

Аңдатпа

“Рухани жаңғыру” мемлекеттік бағдарламасында айтылған іргелі мәселелердің ішінде білім мен ғылымның озық үлгілерін зерттеуге айырықша мән беріледі. Осы бағытта еліміздегі білім мен ғылымның көкжиегін кеңейтіп, тіл ғылымы саласында талмай еңбек еткен қоғам қайраткерлері мен ғалым - ұстаздардың еңбектерін зерделеу интеллектуал ұрпақ тәрбиесіне игі әсер етеді.

Қазақстандағы жоғары мектептің дамуына, білім жүйесі мен оқу процесінің жетілуіне орасан еңбек сіңірген атақты ғалым, аса көрнекті тілші, ұлағатты ұстаз – филология ғылымдарының докторы, профессор Сәрсен Аманжолов. Ол – қазақ елінің тілі мен ділінің, болашақ ұрпақтың білімі мен білігінің қалыптасуына зор үлес қосқан тұғырлы тұлға.

Мақалада тілшінің “Қазақ тілі теориясының негіздері” атты ғылыми жинағы талданып, еңбектің қазіргі білім беру үдерісіндегі өзектілігі сөз болады.

Түйін сөздер: рухани жаңғыру, білім, ғылым, қазақ тілі, тіл білімі, ғалым, ұстаз

Orazbayeva F.¹

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

A SCIENTIST'S HERITAGE IS A SPIRITUAL VALUE

Abstract

In the state program "Spiritual modernization", among the global problems, the study of advanced models in the field of science and education is especially noted. In this regard, in the upbringing of the intellectual generation, it is important to study the works of prominent public figures and scientists-teachers, among whom a special place is given to the outstanding scientist linguist, doctor of philological sciences, professor Sarsen Amanzholov. His contribution to the development of higher schools, educational system and educational process in Kazakhstan is undeniable. He is a significant person who played an important role in the formation of literature and culture, language and mentality of the Kazakh people, with his participation important steps were taken in the development of an educated and Qualified generation.

The article analyzes the scientific collection of the scientist "Foundations of the theory of the Kazakh language" and gives an explanation of its relevance in the modern educational system.

Keywords: spiritual modernization, education, science, Kazakh language, linguistics, scientist, teacher

Orazbayeva F.Ш.¹

¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

НАСЛЕДИЕ УЧЕНОГО – ДУХОВНАЯ ЦЕННОСТЬ

Аннотация

В государственной программе “Духовная модернизация” среди глобальных проблем особо отмечается необходимость исследования передовых моделей в области науки и образования. В этой связи, в воспитании интеллектуального поколения имеет значение изучение трудов видных общественных деятелей и ученых-преподавателей, среди которых особое место отводится выдающемуся ученому лингвисту, доктору филологических наук, профессору Сарсену Аманжолову. Его вклад в развитие высших школ, образовательной системы и учебного процесса в Казахстане неоспорим. Он является выдающейся личностью, сыгравшей важную роль в становлении казахского языкознания национального языка. При его участии были также сделаны важные шаги в развитии образованного и квалифицированного поколения.

В статье анализируется научный сборник ученого “Основы теории казахского языка” и дается пояснение ее актуальности в современной образовательной системе.

Ключевые слова: духовная модернизация, образование, наука, казахский язык, языкознание, ученый, учитель

Кіріспе. Қазақ тіл білімінің қалыптасуына, оның іргелі салаларының ғылыми-теориялық негізін салуға елеулі үлес қосқан көрнекті ғалымдарымыздың бірі – Сәрсен Аманжолов. Оның қазақ тіл білімінің орфография, терминология, лексикология және лексикография, қазақ тілінің грамматикалық құрылымы, тіл тарихы және диалектология тәрізді өзекті мәселелерге арналған еңбектерін оқып-үйренудің, ғалымның зерттеулерін ой елегінен қайыра өткізудің ғылым үшін, қазақ тіл ғылымының әр кезеңдегі даму деңгейін анықтау үшін маңызы зор.

Шығыс Қазақстанның таулы өлкесінде, тарихтың талай-талай жәдігері жатқан киелі жерде 1903 жылы қазақ ғылымын үлкен дәрежеге көтерген ұлтымыздың тағы бір асыл перзенті дүниеге келген еді. Ол білім жолына түскен адамға қоятын өмірдің бар талап-міндеттерін, тұрмыс қиыншылығын, ғылым мен білімнің күрделі кезеңдерін басынан өткере жүріп, үлкен ғалым ретінде қазақ лингвистикасын өркендетуге бар күш-жігерін сарқа жұмсады.

Сәрсен Аманжолов Катонқарағайдағы орыс-қазақ мектебінде, одан соң Өскемен қаласындағы реалдық училищеде білім алып, мұғалімдік курстан өтеді. Білім жолына түскен жас адамның, болашақ үлкен ғалымның азаматтық тұлғасы бірте-бірте қалыптаса бастайды. Ол өз дәуірінің талап-тілектеріне сай, қоғамдық-әлеуметтік мектептерден өтіп, ортасына ерте танылып, өмірге араласады.

Жаратылысынан жақсыға жана құштар, елгезек ойлы, ұстанымы берік Сәрсен Аманжолов ұлттың ұлы құндылықтарын игерумен қатар, жалпыадамзаттық ортақ игіліктерді де бойына қатар сіңіріп, еңбегімен, ғылымға деген табанды көзқарасымен, мол білімімен ұлтымыздың рухын биіктеткен алыптар легіне қосылды. Ол өзінен кейінгі ғылым жолын қуған жастарға өнеге бола білді.

С.Аманжоловтың ұстаздық, ғалымдық, өмірлік жолы – өз қатарластарының жолы. Оқу-білімді игеру, ғылым қуу, майданға аттану, қан майданнан аман сау жеңіспен оралып, оқуын жалғастыру, көз майын сарқа жүріп, тіл ғылымының қанат жайып, өрістеуіне ұлан-асыр еңбек етіп, тер төгу, шәкірттер тәрбиелеу, жастарды тілтану – ұлттану дейтін ғылым жолына баулу – ғалым-ұстаздың шынайы азаматтық болмысын, ғалымдық кредосын, тұлғалық бітімін танытар нышандар.

Қазақ тілінің өрісі мен өзіндік болмысын танып-білу; тілді мектепте, жоғары оқу орындарында, өзге ұлт өкілдеріне оқыту; тіл білімінің тың салаларын зерттеп-зерделеу мәселелері тілші-ғалым еңбектерінің өзегі болғанын аңғарамыз. Ғалым жасаған пайым-тұжырымдардың, ғылыми идеялардың өзінен кейін қаншалықты дәрежеде сабақтастық тауып, қай қырынан жетілдірілгендігін бағамдау да ғалым мұрасын таратып, талдауға мүмкіндік береді.

Әдістеме. Сәрсен Аманжоловтың артына қалдырған мол мұрасымен толықтай танысу, оқып үйрену, арнайы зерттеу сияқты келелі істерді атқару үшін ғалымның баспа бетінен ертеректе жарық көргені бар, жарық көрмегені бар, жалпы барлық зерттеулерін жинақтап жариялаудың маңызы үлкен. Осы тұрғыдан алғанда ғалымның ұлы, филология ғылымдарының докторы Алтай Сәрсенұлының құрастыруымен әрі жауапты редакторлығымен баспадан шығып, ғылыми жұртшылық, тіл мамандары, жоғары оқу орындарының оқытушылары мен студенттері назарына ұсынылған Сәрсен Аманжоловтың “Қазақ тілі теориясының негіздері” [1] атты таңдамалы ғылыми жинағын (*Алматы: “Ғылым”, 2002. 366 б.*) кейінгі толқын ұрпақ үшін істелген игі іс деп бағалаған ләзім.

Сондай-ақ, ғалымның бүгінде сирек кездесетін библиографиялық нұсқаларға айналған зерттеулерін жинақтаудың, қайта бастырып, жарыққа шығарудың қажеттілігін, көкейкестілігін қазақ тілінің мемлекеттік мәртебеге ие болып, қолданыс аясы кеңейе түсіп, жаңаша бір үрдіспен дамуға бет алып отырған бүгінгі заман талабынан туындаған үрдіс деп де түсінуге болады. Әсіресе, ғалым назар аударған, арнайы сөз еткен қазақ тілінің ономастика, терминология және аударма мәселелеріне қатысты ғылыми ой-пікірлерімен тұжырымдары бүгінгі күннің деңгейінен алып қарағанда да теориялық зор маңызға ие.

Сәрсен Аманжоловтың ХХ ғасырдың 30-50 жылдары жазған тіл теориясы мен тіл саясаты, қазақтың әдеби тілі мен терминологиясы, қазақ тілі тарихы мен грамматикалық құрылысының мәселелеріне арналған таңдамалы ғылыми мақалалары және зерттеулері енген бұл жинақтың ерекшелігі: онда ғалымның ғылыми көзқарастарының біртіндеп өзгеріп, дамып отырған концептуалды пікірлері жүйелі түрде берілген. Ең бастысы, жинаққа енген ғылыми мақалаларда көрініс тапқан ірі зерттеуші, көрнекті ғалымның нақты тұжырымдары мен пікірлері оны қазақ тіл білімінің теориялық негізін салушылардың бірі екенін дәлелдей түседі.[2].

Нәтижелер. Сәрсен Аманжоловтың мақалалары мен тың зерттеулерінің бұл жинағы үш бөлімнен тұрады: 1) ана тілі, тіл ғылымы; 2) әдеби тіл, терминология және аударма; 3) грамматикалық құрылыс, тіл тарихы.

Ғалымның өмірлік ұстанымына кешегі Кеңестік дәуір идеологиясының, Коммунистік партияның жүргізген саясатының ықпалы болғаны белгілі. Тілшінің “Мектепте ана тілін оқытудың мақсаты мен маңызы”, “Ана тілі”, “Тіл ғылымы”, “Советтік тіл ғылымының негіздері”, т.б. мақалаларында ғалым өмір сүрген заманның лебі аңғарылады. Алайда, жинаққа енген ғылыми мақалаларында ғалым терминология, синтаксис, тіл тарихы, ономастика, диалектология, қазақтың әдеби тілі сияқты қазақ тіл білімінің салаларына қатысты көптеген жеке-дара көкейкесті мәселелерді ғылыми тұрғыдан сараптауда, таразылауда, нақты тұжырымдар жасауда терең, соны пікірлер ұсынғанын көреміз.

Жинақтың “Ана тілі, тіл ғылымы” деп аталатын бірінші бөлімінде ғалым барлық пәндерді оқытудағы ана тілінің рөлін, атқаратын міндетін, ғылымның мәні мен мақсатын атап көрсетеді. Сонымен қатар бұл бөлім тілдің шығуы мен дамуы, тілдердің классификациясы, тілдің ерекше белгілері мен айрықша өзгешеліктері жайлы, грамматиканың, лексикологияның, семасиологияның мәселелері жайындағы, диалект және жаргон туралы зерттеулерінен тұрады.

Жинаққа енгізілген мақалаларға зер салсақ, олардың қайсыбіріндегі ғалымның ертеректе айтқан пікірлерінің XX ғасыр соңы [3], XXI ғасыр басында қауырт қарқынмен дами бастаған бірнеше дәстүрлі ғылым салаларының басын қосатын этнолингвистика, лингвомәдениеттаным, этнолингвопсихология, когнитивтік лингвистика сияқты ғылымдар тұжырымдамаларының концептуалды бағыттарымен сәйкес түсіп жататындығын байқауға болады. Яғни қазақ тіл білімінде енді-енді қолға алына бастаған жаңа бағыттардың қалыптасуына, дербес пән деңгейіне көтерілуіне қажет құнды ғылыми тұжырымдар Сәрсен Аманжолов еңбектерінен кездеседі.

Мәселен, “Тіл ғылымы және оның мақсаты” мақаласында ғалым тілдің қарым-қатынас құралы ғана емес, дүниетанудың да құралы бола алатындығына айрықша мән береді. Ол: “Әуелде тіл ғылымы хат тану, оқу, жаза білудің басқышы; хат тани білу арқылы адамның басқа білімдерге қолы жетеді; басқа білімдердің тарихын білу арқасында адамның ой-өрісі кеңейеді; тіл ғылымы арқылы бір халық екінші халықпен дұрыс қатынас жасайды, бірінші тілін бірі тез үйренуге де тіл ғылымы себепкер”, – дей келе, “тіл мен тіл ғылымынсыз еш мәдениет болған емес” [1 46], – деп, тіл мен мәдениет арасындағы сабақтастықты түйіндейді [4]. “Тіл ойдың жүзеге асуы, абстракт түрден конкрет түрге айналуы”, “тілдің философия ғылымымен тығыз байланысты болуының өзі сол екеуінің де мәселесіне барып тірелетіндігінде”, – дей отырып, ғалым тіл және ойлаудың өзара қарым-қатынасына байланысты өз ойын, нақты пікірлерін ортаға салады, “жекелеген сөздің қайдан шыққандығын білу үшін адам баласының ойлау тарихына, заттың мәдениетінің тарихына үңілудің қажеттілігін” айтады.

XXI ғасыр лингвистикасындағы антропоцентрлік парадигмаға ұласатын соны ойларды “Жаңа дәуірге көшкен Советтік тіл ғылымы және қазақ тілінің кейбір мәселелері” мақаласының “Тілдің ерекше белгілері мен айрықша өзгешеліктері туралы” деген бөлімінен кездестіруге болады: “тіл ойлаумен тікелей байланысты болғандықтан, адамның дүниетанудағы жетістіктері сөзде, сөйлем құрылысында тіркеледі” [1, 90-б.]. Адамның дүниетанымы тілдік бірліктерде көрініс тауып, тіл әлемінде өз бедерін қалдыратыны да ғалым назарынан тыс қалмаған. “Қай ұлттың болса да тіл байлығы – сол ұлттың тарихи айнасы. Өйткені сөздің бәрі – сананың көрінісі. Сондықтан әрбір сөз – тарихтың дерегі” [1, 46-б.] деген ғалым пікірі этностың болмыс-бітімін оның тілі арқылы танып білу мақсатынан туындаған лингвистиканың жаңа, дербес саласы этнолингвистикадағы академик Ә.Т. Қайдардың [5] тұжырымдарымен сабақтастық тауып жатыр. Ғалымның осы тақілетті пікірлерінен қазіргі қазақ тіл білімінде өріс алып келе жатқан этнолингвистика, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттаным ілімдерінің негіздері анық байқалады.

Сәрсен Аманжоловтың 1949 жылы жазған “Советтік тіл ғылымының теориялық негіздері” мақаласын 1951 жылы жазған “Жаңа дәуіріне көшкен Советтік тіл ғылымы және қазақ тілінің кейбір мәселелері” атты мақаласымен салғастырсақ, бұл екі мақаланың жазылуы арасындағы мерзім ішінде ғалымның ой елегінде үлкен өзгерістер, тіл білімінің кейбір мәселелеріне қатысты ғылыми көзқарастарында түбегейлі төңкерістер болғандығы байқалады.

Түркі-монғол тілдерін тәркіндес тілдер деп білетін Б.Я.Владимирцов бастаған ғалымдар пікірін “түркологтар мен монғол зерттеушілерінің расса қуалауға салынуынан”, – деп түсінген ғалым “бұл ғалымдардың түркі және монғол тілдерінің туыстығын дәлелдемек болып келтіретіндері – осы тілдердегі біраз сөздің ортақтығы. Бұл сөздер – белгілі замандардағы қарым-қатынастың нәтижесі, ізі екені айқын”, – деген түйінін жасайды [1, 77]. Негізінен, ғалымның бұл пікірі түркі-монғол-түркі байланысы мәселесінде түркі және монғол тілдерінде орын алатын ұқсастықтардың, сәйкестіктердің, ортақтықтардың табиғатын түркі-монғолдардың тарихи қарым-қатынасының нәтижесі іспетті тілдік ауыс-түйістікпен ұғындыратын А.Щербактың ой-тұжырымдарымен ұштасады.

1951 жылы жазылған “Жаңа дәуірге көшкен Советтік тіл ғылымы және қазақ тілінің кейбір мәселелері” деген мақаласында Сәрсен Аманжолов бұған дейін қолдап келген Н.Я.Маррдың тіл жайындағы “жаңа ілімі” дегенінен бас тартып, тілдердің туыстығын, бір-бірімен генетикалық жақындығын, туыс тілдердің бұрыннан айқындалған топтарын дұрыс деп табады, туыс тілдерді салыстыра зерттеудің орынды екендігіне ден қояды [1, 80].

Сәрсен Аманжолов “орыс тілінен енген сөздердің қай уақытта қалай пайда болғандығын анықтауда қазақ халқы мен орыс халқының ХҮІІІ ғасырға дейінгі мәдени-тарихи қарым-қатынастарын тереңдеп зерттеу қажет”, сондай-ақ, “қазақ пен монғол халқының сөз ауысуы туралы зерттеулерде түркі мен монғол тілдерінің Х-ХІІ ғасырлардағы, яғни шабуыл басталмастан бұрынғы жағдайлары, сөз байлықтары тексерілуі керек” [1, 90], – дейді. Ғалым пікірлері тарихи лексикологияның қазақ және орыс тілдерінің, қазақ және монғол тілдерінің қарым-қатынас саласында әлі күнге өз зерттеушісін күтіп тұрған соны тақырыптарға, өзекті мәселелерге жетелейді.

Қазақ пен монғол тілдерінің қарым-қатынасына қатысты Сәрсен Аманжолов пікірімен үндесіп келетін ойлар XX ғасырдың 80 жылдарынан бастап алтаистикалық бағыттағы зерттеулерде орын тебе бастады. Мәселен, алтаист-монғолтанушы В.В.Рассадин: «Алтай тілдерінің бәрінде айна-қатесіз қайталанатын бірдей элементтердің болуы “алтайлық” ортақ лексикалық қордың бар екендігін барлық жағдайда көрсете бермейді.

Түркі-монғол тілдік байланысы мәселесінде параллель лексиканы тауып, көрсетіп қою жеткіліксіз, алтайлық халықтардың өте көне замандардағы, ертеректегі, соңғы дәуірлердегі қарым-қатынастарының нәтижесінде пайда болған тілдік кірмелікті анықтап алу қажет», – дейді [6, 101.]

Талқылануы. Зерттеудің жеке тақырыптармен байланысты нақты нысаналарын, жаңа ғылыми идеяларын, соны пікірлерін Сәрсен Аманжоловтың семасиология, ономастика, диалектология, терминология т.б. салаларға қатысты еңбектерінен де табуға болады. Мәселен, семасиологияның мәселелеріне арнайы тоқталған ғалым қазақ тіліндегі жаңа сөздің жасалуының, сөздің көбеюінің жеті түрлі жолын атап көрсетеді [1, 71-73-бб.]

1. Бүтіннің жарылуы арқылы (*бұған бір сөздің әлденеше бір мағынаға ие болуын айтады*);
2. Қарсылық заңы арқылы;
3. Ұқсастыққа қарай;
4. Атқаратын қызметі жағынан;
5. Сөздердің жымдаса, бірге айтылуы арқылы;
6. Қысқара бірігу арқылы;
7. Сөздердің қосарлана айтылуы арқылы.

Сөздердің жымдасуы, қысқара бірігуі, қосарлана айтылуы арқылы жаңа сөздердің жасалуын ғалым іштей топ-топқа бөліп жіліктейді. Сәрсен Аманжоловтың жаңа сөздердің жасалу жолдарын бұлайша жіктеп, жіліктеп беруі сөзжасам теориясындағы уәждеме мәселесімен шұғылданушы ғалымдар үшін [7] құнды пікірлердің бірі екендігі даусыз.

Сәрсен Аманжолов: “Кісі аттарының жасалуында белгілі бір заңдылық бары байқалады, кісі атының өзі тоғыз жол яки тоғыз мақсатқа тірелетінінен көрінеді”, – дей келе, осы тоғыз жолды ашып көрсетеді. Сондай-ақ қазір қазақ тілінде ерікті атаулар деуге болатын әуелгі түрі өзгертіліп қолданылатын кісі аттары, монғол тілінен ертеде ауысқан адам аттары бар екендігін, олардың көбінің мағынасы түсініксіз болып кеткенін айтады [1, 75-76]. Ғалымның ономастикалық номинацияға тікелей қатысы бар маңызды ой-тұжырымдары кейіннен қазақ ономастикасының негізін қалаушы профессор Т.Жанұзақов зерттеулерінде [8], [9] өз жалғасын тапқаны белгілі.

Жинақтың екінші бөлімінде Сәрсен Аманжоловтың әдеби тіл, терминология және аударма мәселелеріне арналған ғылыми мақалалары беріледі. “Қазақ тілін нақтылы әдебиет тілі етерлік” деген мақаласында ғалым әдебиет тілі ұғымына: “Әдебиет тілі деп толық тәртіпке түскен саясат, әдебиет, ғылым (пән) үшеуінде ешбір ақаусыз, кемшіліксіз жаза алатын тілді ғана айтамыз” [1, 158], – деген анықтама береді. Баспасөз бетінде көркем әдебиет нұсқаларында тіл тазалығы мәселесіне айрықша назар аударудың қажеттігін күн тәртібіне қояды. Сәрсен Аманжоловтың 1934 жылы жазған бұл мақаласында көтерілген тіл тазалығы мәселесі бүгінгі күннің де аса маңызды, көкейкесті проблемасы болып отырғаны даусыз.

Қазіргі кезде қазақ тілінің қолданыс шеңберінің кеңеюіне байланысты қазақ тілін кең мағынадағы ғылым тіліне айналдыру ісінде де ғалымның қазақ терминологиясы мен аударма саласындағы зерттеулері маңызды орын алады. Сәрсен Аманжолов “Қазақ тіліндегі ғылыми терминология мен аударма мәселесі туралы” мақаласында: “термин деп танылған, қабылданған сөздің бір-ақ мағынасы болуы керек. Екі ұшты мағына беретін сөз термин болып жарытпайды», – деп, терминнің қандай болуы керектігін анық, айқын көрсетеді. Терминдердің қабылдануы, бекітілуі, жиналып ретке келтірілуі, зерттелуі, қолданылуы мәселелері де ғалым назарынан тыс қалмайды. Термин жасау және орыс тіліндегі терминдерді аударып беру мәселесінде қазақ тілінің өз мүмкіндігін сарқа пайдалану ұстанымын қолдану қажеттілігін айта отырып, ғалым: “Орыс тілі арқылы енген халықаралық мәнге ие болған терминдерді аударудан бас тартқан жөн”, – деген пікірге келеді. Міне, бұлар да қазіргі кездегі қазақ терминологиясында ескерілуге тиісті ғылыми мәні зор құнды пікірлер екені сөзсіз. Термин жасау үрдісінде тілдің ішкі мүмкіндігін мейлінше пайдалану туралы ғалым пікірімен орайлас пікір-тұжырымдарды академик Ә.Қайдаровтың қазақ терминологиясына қатысты зерттеулерінен кездестіреміз: “Терминологический принцип исчерпывающего использования внутренних потенциальных возможностей национальных языков выдвигает на повестку дня немало проблем. Эти проблемы актуальны и злободневны, так как диктуются каждодневными практическими потребностями языка, неотложностью их решения” [10, 200].

Сәрсен Аманжоловтың арнайы зерттеген салаларының бірі – қазақтың әдеби тілі. “Қазақтың әдеби тілі» ғылыми мақаласында ғалым қазақ тілінің даму тарихына жол жасайды. Тілші қазақ халқын құраған тайпалардың кейбіреулері (*қаңлы, үйсін, керей, найман, дулат, арғын, алышын*) жайлы тарихи деректерді келтіреді. Қазақ тілінің қалыптасуы жайлы өз тұжырымын ұсынады. Ол: “Қазақ халқының тілін бір атаның, бір ғана елдің тілінен құралған тіл дей алмаймыз, қазақ тілі басқа тілдер сияқты толып жатқан ру-тайпа тілдерінің қосындысынан туған. Қазірдің өзінде қазақ тілінің ішінде қайшылығы я қабаты жоқ тұтас бір тіл монолит деп қарау дұрыс болмайды. Қазіргі қазақ тілінің өзінің ішінде бұрынғы ескі рулардың да тілдерінің сарқыншақтары бар”, – деген қорытынды пікір айтады [1, 177]. Ғалымның қазақ тілі қалыптасу тарихына байланысты бұл пікір-тұжырымдары кезінде ғылыми аренада дау туғызғаны, бұл пікірге қарама-қайшы “Қазақ тілінде диалект жоқ, қазақ тілі – монолит тіл” деген пікірлер кейбір тілші ғалымдардың зерттеулерінде орын алғаны белгілі.

Сәрсен Аманжолов “Әдеби тіл деген нәрсе – сапасы жағынан да, өзінің ерекше қасиеттері жағынан да, ру тілінен де, ру-тайпа тілінен де, ру-тайпа одақтары тілінен де, халық тілінен де жоғары тұратын нәрсе”, – дей келе, әдеби тілдің басты белгілері мен айырмашылықтарын атап көрсетеді [1, 178]. “Қазақтың әдеби тілінің бастама үлгісі жазба түрінде XIX ғасырдың екінші жартысынан басталады” деп санаған ғалым қазақ халқына ортақ әдеби тілдің негізін салушылар ретінде Абай Құнанбаев пен Ыбырай Алтынсаринды атайды [1, 179].

Қазақ әдеби тілінің басталар тұсын XIX ғасырдың II жартысымен байланыстыратын көзқарас Қ.Жұбанов, Н.Сауранбаев, І.Кеңесбаев сияқты ғалымдардың әдеби тілге арналған зерттеулерінде де орын алады. “Қазақ әдеби тілінің басталар тұсын XIX ғасырдың II жартысымен байланыстыратын концепцияны ұстаушылар XIX ғасырдың II жартысына дейін де қазақта әдеби тілді танытатын үлгілер болды деген пікірді қоса айтады. Сірә, бұл жердегі пікір қазақтың ұлттық әдеби тілін көздей айтылған болуы керек”, – дейді академик Рәбиға Сыздық [11, 17].

Жинақтың үшінші бөлімінде Сәрсен Аманжоловтың тіл тарихына, тілдің грамматикалық құрылысына қатысты зерттеулер енгізілген. “Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы” (1950, 1994) деп аталатын тиянақты еңбегі арқылы оның “Синтаксис және ойлау мәселелері (1949), “Отыр мен тұр етістіктерінің тарихы туралы этюд” (1985), “Сөз тұлғалары” (1936), “Септік жалғауларының қызметі” (1936), т.б. жинаққа енген мақалаларында көрініс тапқан тіл білімінің морфология, синтаксис салаларына қатысты тың пікірлері ғылыми тұрғыдан терең талданған және шешімін тапқан мәселелер – қазіргі қазақ тілі үшін мәні ерекше дүниелер.

Қорытынды. Қазақ тіл білімінің теориялық негізін қалаушылардың бірі, көрнекті ғалым Сәрсен Аманжоловтың XX ғасырдың 30-50 жылдары жазған ғылыми мақалаларын қамтыған “Қазақ тілі теориясы негіздері” жинағының жарыққа шығуы, ондағы зерттеулер мен негізгі тұжырымдары жоғары оқу орындарында қазақ тілі тарихы, қазақ әдеби тілінің мәселелері, тарихи лексикология, терминология, қазақ ономастикасы, семасиология, синтаксис, морфология бойынша ғылыми курстарынан дәріс оқуда, арнайы курстар мен арнайы семинар өткізуде, жоғары оқу орындары филология факультеттерінің студенттері үшін жазылған көмекші оқу құралын дайындауға септігін тигізері шүбәсіз. Өйткені ғалымның ғылыми ой-тұжырымдары қазіргі қазақ тіл білімінің дамуына, жаңа ғылыми зерттеулердің пайда болуына игі ықпалын тигізеріне күмәніміз жоқ.

Сәрсен Аманжолов сынды қазақ тіл білімінің алыптарына бас ие отырып, көрнекті тұлғалардың қалдырған тілдік мұраларынан қажетті дүниелерімізді саралап ала білу – біз үшін басты мұрат.

Мақала Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің «Тілдік коммуникация парадигмалары: әдеби айтылым мен латынәліпбилі жазылым» атты гранттық жобасы (ЖТН АР08855685) негізінде жарияланды.

Статья опубликована на основе грантового проекта Комитета науки Министерства образования и науки Республики Казахстан « парадигмы языковой коммуникации: литературное произношение и латиноамериканское письмо» (ОГРН АР08855685).

The article was published on the basis of the grant project of the Science Committee of the Ministry of Education and science of the Republic of Kazakhstan "paradigms of language communication: literary pronunciation and Latin alphabet" (ITN AR08855685).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Аманжолов С. Қазақ тілі теориясының негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. - 366 б.
- 2 Смағұлова Г. Сәрсен Аманжолов – қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, аса көрнекті ғалым. Қаз МҰ Хабаршысы. Филология сериясы, 2003, -№ 4, -20-23 б.
- 3 XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Қазығұрт, -2013, -640 б. –кітап
- 4 Иманқұлова М.А. Сәрсен Аманжолов еңбектерінің лингвомәдениеттанымдық қыры. Ұлағат, 2011, -26-33 б.
- 5 Қайдар Ә.Т. Қазақ этнолингвистикасы. –Алматы, 1998
- 6 Рассадин В.И. Роль контактов в образовании тюрко-монгольской языковой общности//Тезисы докладов ХХІХ сессии ПМАК (РІАС). – Москва, 1986
- 7 Ильясова Н. Семантикалық таным – сөздерді қатысымдық тұлға ретінде танудың негізі. Қазақ тілі мен әдебиеті, 2010, -№9, -63-71 б.
- 8 Жанұзақов Т. Қазақ ономастикасы. –Астана: ІС-Сервис, 2006, -400 б.
- 9 Жанұзақов Т. Этимология древних топонимов Казахстана. – Алматы, 2017, -167 б.
- 10 Кайдаров А.Т. Тіл – Ғұмыр. – Алматы, 2018 - 360 б. -кітап
- 11 Сыздықова Р.Ф. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 347 б.

References:

- 1 Amanjolov S. Kazak tili teoriasynyn negizderi. – Almaty: Gylym, 2002. - 366 b.
- 2 Smagulova G. SArsen Amanjolov – Kazak til bilimnin negizin salusylardyn biri, asa kornekti galym. Kaz MU Habarsysy. Filologia seriasy, 2003, -№ 4, -20-23 b.
- 3 XX gasyr basyndagy Kazak tili jonindegi zertteuler. – Almaty: Kazygurt, – 2013, – 640 b.
- 4 ImanKulova M.A. SArsen Amanjolov enbekterinin lingvomAdeniettanymdyK Kyry. Ulagat, 2011, -26-33 b.
- 5 Kaidar A.T. Kazak etnolingvistikasy. –Almaty, 1998,
- 6 Rassadin V.I. Rol kontaktov v obrazovanii turko-mongolskoi iazykovoi obsnosti//Tezisy dokladov HHIIH sessii PMAK (RIAS). – Moskva, 1986
- 7 IIAsova N. SemantikalyK tanym – sozderdi KatysymdyK tulga retinde tanudyn negizi. Kazak tili men Adebieti, 2010, – №9, – 63-71 b.
- 8 Januzakov T. Kazak onomastikasy. –Astana: IS-Servis, 2006, – 400 b.

9 Januzakov T. *Etimologia drevnih toponimov Kazahstana*. – Almaty, 2017, -167 b.

10 Kaidarov A.T. *Til – Gumyr*. – Almaty, 2018 – 360 b.

11 Syzdykova R.G. *Kazak Adebі tilinіn tarihy*. – Almaty: *El-sejire*, 2014. – 347 b.

МРНТИ 14.15

<https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-7804.20>

Оразбаева Ф.Ш.¹

¹ Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы, Қазақстан

АЙТЫЛЫМ ӘРЕКЕТІНДЕГІ СӨЗДІҢ ҚАТЫСЫМДЫҚ ҚЫЗМЕТІ

Аңдатпа

Тілдік коммуникация парадигмасына жататын айтылым әрекеті сөздің эмоционалды-экспрессивтік реңкін жеткізе отырып, адамның ой-толғамын баяндауда көркемдік рөл атқарады. Біздің халқымыз ауызша сөйлеуге, ойды әсерлі, түсінікті жеткізе білу өнеріне айырықша мән берген. Қазақтың ауызекі сөйлеу стилі, ауызша сөйлеу табиғаты, шешендік өнері қай кезде де көркемдігімен, сөз саптау ерекшелігімен көзге түскен. Бұл мәселелер айтылым әрекетінің ауызша сөйлеу процесінде сөз арқылы көрініс табады.

Мақалада айтылым үдерісінің сөзге қатысты ерекшеліктері теориялық және прагматикалық тұрғыдан қарастырылады. Негізгі мақсат - сөзді қатысымдық бірлік ретінде тануға арқау болатын концептуалдық-семантикалық мәселелерді талдау.

Айтылым процесіндегі ауызша сөйлеу актісінің екі жақты сипаты, коммуниканттардың ойды жеткізу тәсілдері, тілдік норманы қолдану амалдары күн тәртібіндегі өзекті проблемаға жатады.

Түйін сөздер: тілдік коммуникация, сөз, ұстаным, айтылым үдерісі, ауызша сөйлеу, норма

Оразбаева Ф.Ш.¹

¹ Abai Kazakh National Pedagogical University,
Almaty, Kazakhstan

COMMUNICATIVE FUNCTION OF THE WORD IN THE SPEAKING

Abstract

Speaking, by being a part of the paradigm of linguistic communication, with the help of the emotionally expressive coloring of the word conveys the imagery of human thought. The Kazakh people attached particular importance to oral transmission and intelligible presentation of thought. Therefore, the oral conversational style, nature and oratory of Kazakhs have always been distinguished by originality and artistry. These Questions in oral speech are reflected through the word.

The article examines the features of the speaking process in theoretical and pragmatic aspects of the word. The main goal is to analyze conceptual and semantic problems aimed at understanding the word as a communicative unit.

The actual problems of the speaking process today are the issues of the two-sidedness of the speech act, the ways of communicating thoughts and the use of language norms.

Keywords: linguistic communication, word, principle, speaking process, oral speech, norm

Оразбаева Ф.Ш.¹

¹ Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Алматы, Казахстан

КОММУНИКАТИВНАЯ ФУНКЦИЯ СЛОВА В ПРОЦЕССЕ ГОВОРЕНИЯ

Аннотация

Речевое действие говорение, являясь частью парадигмы языковой коммуникации, с помощью эмоционально-экспрессивной окраски слова передает образность человеческой мысли. Казахский народ придавал особое значение устной передаче речи и изложению мысли. Поэтому устный разговорный стиль, природа и ораторское искусство казахов всегда отличалось неординарностью и художественностью. Данные вопросы в устной речи находят отражение через слово.

В статье процесс говорения и семантика слова рассматриваются в теоретических и прагматических аспектах. Основной целью является проанализировать концептуально-семантические проблемы, направленные на познание слова как коммуникативной единицы.